

Литература:

1. David Nunan. Designing tasks for the Communicative Classroom, Cambridge University Press, 2015
2. Breen, M., & Candlin, C. N. The essentials of a communicative curriculum in language teaching. Applied Linguistics, 1, 89-112, 2012
3. Wright, T. Roles of Teachers and Learners, Oxford University Press

Шаханова Н.Н.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ SOFT-SKILLS DAҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылық негізінде soft skills дағдысын қалыптастыру мәселесі туралы талдау жасалды. Дағдының өзі адам өмірінде қалыптасуы үшін бірнеше кезеңдерден тұрады. Ал оқу мен жалпы өмірде soft skills дағдыларын қолдануды үйрету білім педагогтерінің негізгі міндеттерінің бірі. Арнаулы сабақ ретінде оқытпағанмен, мектеп пәндер ішінде кездесетін дағдаларды дұрыс қолдану, болашақта кез келген ситуациялық жағдайларға дайын тұлға қалыптасуға өз септігін тигізеді.

Кілт сөздер: Дағды, бастауыш сынып, білім педагогтері, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық.

Адамдардың тұлғаралық қатынастары ой-пікірлері сәйкес келетін, қоғамдағы болатын процесстердің белгілі бір бөлігіне қызығушылығы ортақ көзқарастан тоғысады. Ол күнделікті қалыптасқан дағдылардың нәтижесінде де коммуникациялар орнайды. Дағды қызметіне орай әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және т.б. түрлері болады. Соның ішінде педагогикалық дағды дегеніміз – «алғашқыда саналы орындауды қажет ететін әрекеттің жаттығу нәтижесінде автоматты түрде қалыптасуы. Дағдыға айналған қимылдар санадан тыс болмайды. Ол – мидың қызметі. Дағдының қимыл, сенсорлық және ой әрекетіне байланысты түрлері бар, дағды әрекет өнімділігін арттырады» (http://www.rusnauka.com/3_ANR_2015/Pedagogica/2).

Педагогикалық дағдылар қалыптасқанға дейін болашақ бастауыш білім педагогтері әлеуметтік дағдыларды меңгеру арқылы сатылық дамып, сапалы маман ретінде қалыптасады. Ол үшін бірнеше кезеңдердің ережесін ұсынамыз.

1. Әлеуметтік, ұжымдық іс-әрекеттерді меңгеру, яғни болашақ педагог маман болғанға дейін қалыптасу процесі

2. Әлеуметтік коммуникациялық қатынастар. Бұл кезеңде оқушы мен оқытушы арасындағы субординациялық шекараларды белгілеу кезеңі. Ол кейбір педагог үшін маңызды орын алса, кей педагогтер бұл ережені өзінше дағдыға айналдырса болады.

3. Оқыту үдерісіндегі дағдыларды қалыптастыру. Ол әр сабақты бір тәртіппен оқыту дағдысы қалыптасса, оқушыларда да үйреншікті, жоспарлы үрдіс қалыптасады.

Дағдылар әр заманның жаһандық өзгерісіне қарай жаңа түрлері қалыптасады. Тілімізде пайда болып жатқан жаңа терминдер, оқытудың барынша тиімді тәсілдерін ұсынады. Алдағы уақытта педагогика саласында Ұлттық құндылықтар негізінде бастауыш сынып оқушыларының soft skills дағдысын қалыптастырудың жолдарын қалыптастырамыз.

Ұлттық құндылықтар ата-бабаларымыз қолданып келген қоғамдағы тәрбиенің қайнар бұлағы десек, оны мектеп бағдарламасына кіргізе отырып, балаларымызды ұлттық дәстүрді ұмытпауға, рухани интеллектіні жоғалтпауға және патриоттық сананы бала бойында бірінші орында ұстауға тәрбиелейміз. Тек қазақ психологиясында емес, бүкіл әлемге ортақ құндылықтардың бірі – ол ұлттық құндылықтар.

Бүгінгі зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған ұлттық құндылық мәселесі де, soft skills дағдысын қалыптастыру жолдары да арнаулы пән ретінде мектеп бағдарламасында болмағанмен, білім педагогтерінен талап ететін ең маңызды оқытудың бөлшегі. Мәселен soft skills дағдысы бастауыш білім алушыларына қалыптастыру үшін терминнің анықтамасына тоқтала кетсек. Соңғы жылдары оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерімен қатар, жаңа терминдерде көптеп қолданылып келеді солардың бірі Soft skills және Hard skills.

Hard skills дағдысы техникалық мамандықтарға арнап құрылған жүйе деуге келеді. Себебі, белгілі бір міндеттер төңірегінде ғана қызмет етеді. Ол жағдаяттан шығу үшін қосымша мүмкіндіктер жасау, екінші жолғы мүмкіндіктер сұрау сияқты қызметтерді атқаруға қауқары жетіспейді. Ол да тәжірибе барысында қалыптасып, дамиды. Hard skills аясы тар болғанмен, жағымсыз мағынада қабылдамау керек, Hard skills дағдысы арқылы кәсіби маман, уақытты дұрыс есептеу, дедлайн, дұрыс шешім қабылдауға көмегі тиеді. Бастауыш сынып оқушылары үшін бұл дағды шығармашылық қабілетін дамытуға, ситуациялық жағдаяттардан шығуға, логикалық ойлауды қалыпты бірдеңгейде ұстауға толық мүмкіндіктері келмейді. Ол мейілінше бастауыш педагогтерінің қызмет барысына, ал soft skills оқушылардың шығармашылық қабілетін асыруға ықпал етеді.

Soft skills тікелей «жұмсақ дағдылар» деген аудармасы қалыптасты, дегенмен жалпы мағынасына келсек - адамдардың тиімді қызмет етуіне қажетті сапасына талаптар қоюда, бұл ең алдымен, икемді дағдылармен (soft skills) сипатталады (Несипбаева). Soft skills дағдылары шешім тез қабылдау, ситуациялық (жағдаяттық) сәттерден, топтық жұмыстарда белсенділік таныту, жазбаша және ауызша қарым-қатынас барысында тиімді стилдерді қолдану, тосыннан қойылған сұрақтарға тиімді жауап қату сияқты кезеңдерде байқалады. Осы дағдыларды ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру үшін педагог қандай жол табу керек. Жалпы педагогикада ұлттық құндылық үлкен тақырып, Soft skills өзінше бөлек тақырып екеуін ұштастыру үшін мына әдістерді ұсынамыз.

Ұлттық құндылық бастауыш сынып оқушыларында арнаулы пән

ретінде оқытылмайды, сол сияқты Soft skills дағдыларыда арнаулы пән емес, тіпті бастауыш бағдарламасында жоқ. Осы ыолқылықтың орнын толтыру үшін мынандай әдістерді қолдануды ұсынамыз.

1. Ертегі кейіпкерлерінің тапқырлығын пайдаланып, соны бастауыш сынып оқушыларына логикалық ойын түрінде көрсету;

2. Мақал-мәтелдердің тарихын маңызын түсіндіріп, сөз арасында қолдануды үйрету;

3. Мақал-мәтелдердегі мотивациялық мәтіндерді қолдану.

4. Өлең жолдарынан ұлттық танымдық кодтарды түсіндіру;

5. Президенттік есімдердің маңыздылығын көрсету;

6. Ұлттық құндылықтар негізінде жазылған, жаңа заманға сай ғылыми техникалық жетістігі бар кітаптармен қызықтыру. Мысалы, «Бату мен достарының барса келмес еліне саяхаты» кітабы.

7. Ұлттық мерекелерде сахналар көріністі оқушы өзіне ойнату арқылы әсер ету.

Жоғарыда айтылғандай soft skills және Hard skills дағдылары оқушы санасында әр түрлі қалыптасады. Кейбір жұмсақ дағдылар бала бойында жасарын болады немесе оны көрсетуге батылы жетпейді. Ол үшін әр білім алушымен жеке дара жұмыс жасау маңызды. «Дағдыны қалыптастыру тікелей мұғалімнің көмегімен қалыптасады. Оған көптеген әдіс-тәсілдерді қолдану керек» (Мухитова, 64).

Зерттеу жұмысымызды қорыңдылай келе soft skills дағдылары

бастауыш сынып оқушыларында қалыптасуы, тума бойында бар қасиеттері дамытуында көрініс табатын кезең десек, педагогтер үшін жауапты кезең. Сыныпшілік және сыныптас тыс уақытта ұлттық құндылықтарды өміріміздің бір бөлшегі ретінде оқушы санасына бекіте отырып, жұмсақ дағдыларды өміріміздің барлық кезеңінде қолдануға үйрету керек. Әрине ол үшін жүйелі оқу бағдарлама керек. Soft skills дағдылары мектеп бағдарламасына әлі де болса нақты кіре алмады, дегенмен болашақ педагогтерді дайындауда өзекті мәселелердің бірі ретінде айтылады.

Дағды қалыптасу уақыт пен тәжірибені талап етеді. Қанша көптәжірибе болса соншалықты жүйелі soft skills дағдылары орныға береді. Дағды «білімді немесе қабілетті қолдануды білсе, биологиялық білім көздерінің ерекшеліктерін - оқулық мәтінін, табиғи немесе көрнекті құралдарды түсінсе, осы әрекеттерді іс жүзінде қолдана білсе» (Ануарова, Камил, 25) оның толық қалыптасқанын көре аламыз. Алдағы уақытта ол үшін терендей зерттеп, тиімді әдіс, тәсілдерді ұсынуға тырысамыз.

Әдебиеттер:

Р.Т. Игенбаева, А. Рахатқызы Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі құзыреттілік. http://www.rusnauka.com/3_ANR_2015/Pedagogica/2

А. Несипбаева. “Soft skills”: Дағдылар не үшін қажет?. <https://bilimdinews.kz/?p=182637>.

Г.М. Мухитова. Студенттердің рефлексивті дағдыларын қалыптастыру. Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Филологическая науки. №1(55), 2016.

Л.Е. Ануарова, З.Б. Камил. Оқушы дағдысын қалыптастырудағы тәжірибенің рөлі. Хабаршы. Ғылыми- әдістемелік журналы. . №2(5), 2014.